

ISSN 1563-0366; eISSN 2617-8362

Индекс 75882; 25882

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Заң сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия юридическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Actual Problems of Jurisprudence

№2 (94)

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

Қ.Ж. Қуандықов¹ , Д.З. Көпбаев¹ , С.Т. Мауяева² 

¹НАРХОЗ Университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: khaldarbek.khuandykhov@narhoz.kz, duman.kopbayev@mail.ru

²Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: sandugash.mauyaeva@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН СПОРТЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕН ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала Қазақстанның спорт саласындағы медициналық қамтамасыз ету мен допингке қарсы күресті құқықтық реттеудің өзекті мәселелеріне арналған. Сонымен қатар, мақалада әлемдегі спорттағы допингке қарсы күрес пен медициналық қамтамасыз ету мәселелеріне талдау жасалған.

Мақаланың мақсаты еліміздің спортшыларын медициналық қамтамасыз етілуі мен спорттағы допингке қарсы күресті жандандыру, осы мәселелерді шешудің нақты жолдарын айқындау болып табылады.

Мақаланың тәжірибелік маңыздылығы спорт саласындағы заң шығарушылықты жетілдіру үшін талдаулар мен ұсыныстарды қолдану мүмкіндігінен тұрады. Зерттеу қорытындылары спорттағы медициналық қамтамасыз ету мен допингке қарсы күресті айқындауда, медицина мен спорт саласындағы мемлекеттік органдардың жұмысын жетілдіру үшін, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің құқықтық актілерін дайындауда пайдаланылуы мүмкін.

Мақаланың әдістемелік негізін жүйелілік, логикалық-заңдық, тарихи және нақты-әлеуметтік сияқты жалпы ғылыми және арнайы білім әдістері құрайды.

Мақалада қазақстандық спорттың ең өзекті және күрделі мәселесі болып табылатын, спортшыларды медициналық қамтамасыз ету мен спорттағы допингке қарсы күрес мәселелерін шешудің нақты жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: спорттық медицина, спорттық жарыс, дене шынықтыру және спорт, допингке қарсы күрес, Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік, қазақстандық спорт, спортшылардың құқықтары.

K.Zh. Kuandykov ¹, D.Z. Kopbayev¹, S.T. Mauyaeva²

¹University NARXOZ, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: khaldarbek.khuandykhov@narhoz.kz, duman.kopbayev@mail.ru
²Kazakh National Agrarian University, Kazakhstan, Almaty, e
-mail: sandugash.mauyaeva@mail.ru

Actual problems of legal regulation of medical support and fight against doping in Kazakhstan sport

The article is devoted to the actual problems of legal regulation of medical support and fight against doping in Kazakhstan sport. In addition, the article analyzes the practice of medical support and anti-doping in world sports.

The purpose of the article is to intensify the fight against doping in Kazakhstan's sports and medical support of athletes of the country, to identify specific ways to solve these problems.

The practical significance of the article is the possibility of using the conclusions and proposals to improve the legislation in the field of sports. The results of the study can be used in the preparation of legal acts of the Ministry of culture and sports of the Republic of Kazakhstan, to improve the work of state bodies in the field of medicine and sports.

The methodological basis of the article consists of General scientific and special methods of cognition such as system, logical – legal, historical and specifically sociological.

The article reflects the specific ways of solving the problems of medical support of athletes and the fight against doping in sports, which are the most urgent and complex problems of Kazakhstan's sport.

Key words: sports medicine, sports competitions, physical culture and sport, anti-doping struggle, World anti-doping Agency, Kazakhstan sport, rights of athletes.

Қ.Ж. Қуандықов¹, Д.З. Копбаев¹, С.Т. Мауяева³

¹Университета НАРХОЗ, Қазақстан, г. Алматы,
e-mail: khaldarbek.khuandykhov@narhoz.kz, duman.kopbayev@mail.ru
²Қазақстан Республикасының Аграрлық Университеті, Қазақстан, г. Алматы,
e-mail: sandugash.mauyaeva@mail.ru

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ МЕДИЦИНСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ И БОРЬБЫ С ДОПИНГОМ В КАЗАХСТАНСКОМ СПОРТЕ

Статья посвящена актуальным проблемам правового регулирования медицинского обеспечения и борьбы с допингом в казахстанском спорте. Кроме того, в статье проведен анализ практики медицинского обеспечения и борьбы с допингом в мировом спорте.

Целью статьи является активизация борьбы с допингом в казахстанском спорте и медицинского обеспечения спортсменов страны, определение конкретных путей решения этих проблем.

Практическая значимость статьи состоит в возможности использования выводов и предложений для совершенствования законодательства в области спорта. Результаты исследования могут быть использованы при подготовке правовых актов Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, для совершенствования работы государственных органов в области медицины и спорта.

Методологическую основу статьи составляют общенаучные и специальные методы познания, такие как системный, логико-юридический, исторический и конкретно-социологический.

В статье отражены конкретные пути решения проблем медицинского обеспечения спортсменов и борьбы с допингом в спорте, которые являются наиболее актуальными и сложными проблемами казахстанского спорта.

Ключевые слова: спортивная медицина, спортивные соревнования, физическая культура и спорт, антидопинговая борьба, Всемирное антидопинговое агентство, казахстанский спорт, права спортсменов.

Кіріспе

«Денсаулық – зор байлық» – деп, ата-бабаларымыз бекер айтпаған. Денсаулық – әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның байлығы. Біз кез келген жағдайда, жақын адамдарымызға және туғандарымызға зор денсаулық тілейміз. Өйткені, мықты денсаулық бізге алға қойған мақсаттарымыз бен міндеттерімізді орындауға, өмірдегі қиыншылықтарды жеңуге көмектеседі.

Дене шынықтыру мен спорт әрқашанда біздің қоғамымыздың маңызды салаларының біріне жатады. Біздің еліміз үнемі салауатты өмір салтын насихаттап келеді. Дене шынықтыру және спортпен айналысу азаматтардың денсаулығын нығайтуға және орташа өмір сүру ұзақтығын арттыруға ықпал етеді.

Спорттық қозғалысты ұйымдастырудың басым міндеттерінің бірі дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың денсаулығын қорғау болып табылады. Халықаралық Олимпиада комитетінің «Олимпиялық хартиясының» негізгі функцияларының бірі спортпен айналысатын адамдардың денсаулығын қорғау жөніндегі шараларды көтермелеу мен қолдау. Осы тұрғыдан алғанда, спортпен және дене шынықтырумен айналысатын адамдардың денсаулығын қорғаудың және

спорттық медицинаның құқықтық негіздерін ғылыми түрде талдау, оларды зерттеп, зерделеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Негізгі бөлім

«Спорттық медицина» термині өткен ғасырдың ортасында пайда болып, қазіргі таңда кең етек алды. Спорттық медицина – дене тәрбиесі мен спорттың денсаулыққа, дене дамуы мен организмнің функционалдық мүмкіндіктеріне әсерін зерттейтін медицинаның саласы. Спорттық медицинаның негізгі мақсаты – адамның үйлесімді дамуы, оның денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін арттыру, өмірдің белсенді кезеңін ұзарту үшін спорттың құралдары мен әдістерін тиімді пайдалану.

2008 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарында Қытай Халық Республикасының құрамасы жалпыкомандалық бірінші орынды иеленді. Әлемде қытай спортшыларының жоғары спорттық нәтижелері Қытай Спорт медицинасының жетістіктерімен байланыстырылды. Бұл елде спорт саласына басшылықты Дене шынықтыру және спорт істері жөніндегі бас мемлекеттік басқармасы жүзеге асырады. Спортты дамытуға Денсаулық сақтау министрлігінің, дәстүрлі қытай медицинасы мен дәрі-

дәрмектерді мемлекеттік басқарудың және тамақ өнімдерінің сапасын бақылау жөніндегі мемлекеттік басқарудың қызметі де ықпал етеді (Поляев 2005: 102) (<https://rucont.ru>).

Қытайда спорттық медицинаның қарқынды дамуы өткен ғасырдың соңғы жылдары басталды. Осы кезеңде физикалық дамуды зерттеу жөніндегі ұлттық орталық өз жұмысын бастады, зерттеу орталықтарының желісі құрылды. Жүздеген мамандандырылған спорт мектептері мен интернаттары ашылды. Спортшылардың жаттығу процесінде дәстүрлі емес ұлттық медицинаның мүмкіндіктері мен әлеуеті кеңінен қолданылды (шөптермен емдеу, ине шаншу, экстрасенсорика, массаж).

Ірі жарыстар қарсаңында Қытай спортшылары, спортшылардың денсаулық жағдайын бағалау үшін міндетті медициналық тексеруден өтеді. Осы медициналық бақылау барысында денсаулығының жасырын проблемалары анықталады. Қытайлық спортшыларды даярлау жүйесі медициналық қамтамасыз етудің жоғары деңгейіне негізделеді.

Қытай спортшыларын даярлау жүйесінің тиімділігі келесі шаралармен байланысты:

- спорттық медицина саласында озық технологияларды пайдалану;
- Қытай халық медицинасының кең мүмкіндіктерін пайдалану;
- спортшыларды дәрі-дәрмекпен қолдаудың тиімді бағдарламалары;
- ұлттық командалардың мүшелеріне бірінші кезектегі көмекті қамтамасыз ету үшін елдің жетекші медициналық мамандары мен медициналық мекемелерін тарту.

Канадада үздік спортшылар мен спорт командаларына мемлекеттік қолдау көрсетуді осы елдің спорт министрлігі жүзеге асырады. Бұл мемлекеттік орган Podium Canada арнайы бағдарламасын іске асырады. Бағдарламада «спорттық медицина, зерттеулер және инновациялар» бөлімі бар. Бағдарлама аясында қызметті жүзеге асыратын канадалық спорт институты 7 аймақтық институтты қамтиды. Институттардың спорттық медицина бөлімдері өз қызметінде зерттеу және практикалық жұмысты үйлестіреді. Бөлім мамандары жеке спортшылармен де, командалармен де жоғары нәтижелерге қол жеткізуді және қажетті спорттық форманы қолдауды қамтамасыз етеді. Олар диагностикамен, жарақаттарды емдеумен, функционалдық мүмкіндіктерді бағалау және мүмкін болатын жарақаттар мен денсаулық бұзылуларының алдын алу үшін медициналық мониторинг жүргі-

зумен айналысады. Спортшылар мен командаларды даярлау бойынша міндеттерді шешу үшін тартылатын әріптестік ұйымдармен ынтымақтастық жолға қойылған.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан Республикасы дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың әлемнің дамыған елдерінен қамтылу көрсеткіші бойынша айтарлықтай артта қалғанын көреміз. Онда бұл көрсеткіш 40%-дан асады. 2016 жылғы деректер бойынша Қазақстанда азаматтардың 27% тұрақты негізде дене шынықтырумен және спортпен айналысты. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес бұл көрсеткіш 2020 жылға қарай 35% құрауы тиіс (ҚР Ұ Қ: № 1037) (<http://adilet.zan.kz>).

Спорттық медицинаның негізгі мақсаты денсаулықты нығайту және аурулардың алдын алу үшін дене шынықтыру және спорт құралдарын дұрыс қолдану болып табылады. Спорттық медицина – медицина саласы ретінде, спортшылар мен дене шынықтырушылардың ағзасының жағдайын, физикалық дамуы мен функционалдық жағдайын анықтаумен, сондай-ақ спортпен және дене шынықтырумен байланысты аурулар мен жарақаттарды алдын алумен, диагностикамен және емдеумен айналысады. Спорттық медицина спортшыларды оңалту, фармакология және травматология, гигиена және емдік дене шынықтыру және допингке қарсы бақылау мәселелерін қамтиды.

Жоғары жетістіктер спортының медициналық қамтамасыз етілуін жарыс және жаттығу процесінің маңызды бөлігі ретінде қарастыру қажет. Ол спортшыларға медициналық көмек көрсетуді және ұйымдастыруды қамтиды. Спортшылар жаттығу процесі мен жарыстар барысында жоғары дене және психоэмоционалдық жүктеме алады. Осыған байланысты, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін, олардың жоғары физикалық жұмысқа қабілеттілігін қолдау қажеттілігі туындайды. Медициналық көмек көрсету нәтижесінде спортшылардың ағзасы осы жүктемелерге жақсы бейімделеді. Спортшыларды дәрілік препараттармен, медициналық бұйымдармен және биологиялық белсенді қоспалармен қамтамасыз ету де маңызды рөл атқарады.

Спорт күнделікті өмірде және жұмыста ұшырайтын теріс әсерге қарсы тұруға көмектесетін, адамдардың денсаулығын нығайту және қолдау тәсілі болып табылады. Спортта жоғары жетістіктерге қол жеткізу, бұқаралық спортты дамы-

туға және оны халықтың кең ауқымын қамту дәрежесіне тікелей тәуелді. Бүгінгі күні спорттың жасару үрдісі байқалады, спортқа адамдарды тарту ерте жастан басталады.

Бұқаралық спорт жарыстарын ұйымдастыру және өткізу кезінде, медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Жарысқа қатысушыларды жіберу мәселесін шешу үшін, жарыс басталар алдында медициналық тексеруді ұйымдастыру қажет. Спортшының жарыстарға қатысуы, спорттық медицина бойынша, дәрігер растаған медициналық қорытынды алған жағдайда ғана мүмкін болады. Мұндай тексеруге, спорттық медицина саласында мамандандырылмаған дәрігерлерді тарту, жарыстарға жіберу мәселесін шешу кезінде елеулі қателіктерге әкелуі мүмкін.

Жарыс басталғанға дейін медициналық қамтамасыз етумен байланысты ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу қажет. Дәрігерлердің, орта медициналық персоналдың, медициналық аппаратураның, дәрі-дәрмектер мен көліктің қажетті санын анықтаумен байланысты есептеулер алдын ала жүргізілуі тиіс. Медициналық көмек пунктін жабдықтау мәселелері шешілуі керек.

Егер спортшы жарыс кезінде жарақат алса, онда оған медициналық көмек сол жерде көрсетілуі тиіс. Егер көрсетілген көмек жеткіліксіз болса, зардап шегушіні жақын жердегі медициналық мекемеге жеткізу қажет. Көмек көрсетудің әрбір жағдайы, спорттық іс-шаралар мен дене тәрбиесі сабақтарында көрсетілетін медициналық көмекті тіркеу журналында көрсетілуі тиіс. Спорттық іс-шараларды өткізу кезінде, медициналық көмек көрсету сапасына байланысты шағымдар жазбаша түрде жарыстың бас дәрігеріне беріледі.

2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңы еліміздің дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, бұқаралық дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спорт қызметін қамтамасыз етудің және оларды дамытудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды.

Осы заңның 43-бабына сәйкес, «дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарды медициналық қамтамасыз ету:

- 1) олардың денсаулық жағдайын жүйелі түрде бақылауды;
- 2) физикалық жүктемелерінің өздерінің денсаулық жағдайына барабарлығын бағалауды;
- 3) аурулардың, жарақаттардың профилактика-

тикасын және оларды емдеуді, медициналық оңалтуды, нормативтерге сәйкес дәрумен беруді және дәрілік заттармен қамтамасыз етуді;

4) дене шынықтырумен және спортпен айналысу кезінде пайдаланылатын құралдармен және әдістермен денсаулығын қалпына келтіруді қамтиды» (ҚР ДШЖСТ З 43-б.) (<http://adilet.zan.kz>).

Заң спортшылардың, соның ішінде медициналық қамтамасыз етумен байланысты құқықтарының кепілдігін бекітті. Мәселен, заңға сәйкес кәсіби спортшыға жарақат алған және ауырған жағдайда, медициналық емдеуге жұмсалған шығындар өтеледі.

Заңға сәйкес, құрама командалардың мүшелерінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, оның ішінде медициналық-биологиялық және медициналық қамтамасыз етілуі көзделген.

Өзін әлеуметтік мемлекет ретінде бекітетін Қазақстан Республикасы мүгедектерге мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетуде. Қазақстан Республикасы 2015 жылғы ақпанда Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы I маусымдағы «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы бастапқы баяндаманы бекіту туралы» № 330 қаулысы қабылданды (ҚР Ү Қ: № 330) (<http://adilet.zan.kz>).

Халықаралық паралимпиадалық комитет (ХПК) паралимпиадалық ойындар мен дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін басқа да мультиспорттық іс-шараларды ұйымдастыратын паралимпиадалық қозғалыстың жетекші ұйымы ретінде танылады. ХПК-ның гуманитарлық мақсаты паралимпиадалық спорт арқылы денсаулығы бұзылған адамдарға инклюзивті қоғам құру болып табылады (I P C) (<https://www.paralympic.org>).

Қазіргі таңда елімізде 626 700 мүгедек бар. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Ұлттық Паралимпиадалық комитеттің қызметін, сурдлимпиадалық және арнайы олимпиадалық қозғалысты ұйымдастыруды реттейтін нормаларды да қамтиды. Мүгедектердің дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына байланысты медициналық қамтамасыз етілуі және дәрігерлік бақылау ұйымдастырылуы мемлекеттік органдарға жүктелген.

Мүгедектер спортын медициналық қамтамасыз етудің негізгі бағыттары ретінде:

- мүгедек спортшылардың денсаулық жағдайын бақылау;

- тиісті медициналық қорытындыны ресімдеу арқылы спортпен айналысуға рұқсат беру;
- жаттығу және жарыс процесінде мамандандырылған медициналық көмек көрсету;
- мүгедек спортшылардың функционалдық мүмкіндіктерін қалпына келтіру және кеңейту;
- оналту рәсімдері көзделген.

Мүгедек спортшыларды сапалы деңгейде медициналық тексеру, жоғары білікті медициналық персоналдың болуын талап етеді. Медициналық көрсеткіштер бойынша, спорттың жекелеген түрлерінде қосымша медициналық тексерулер жүргізіледі. Жекелеген спорт түрлерінің спортшылары үшін, медициналық көрсеткіштер бойынша медициналық тексерудің қосымша бағдарламалары жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 110 бұйрығымен «Спорттық жарыстарға қатысу үшін спортшыларды медициналық тексеру қағидаларын бекіту туралы» ережесі бекітілді. Осы ережеде спортшыларды медициналық тексерудің негізгі мақсаты ретінде спортшылардың диагностикасы, денсаулық деңгейін және функционалдық жағдайын бағалау көрсетілген. Ереже спортшыларды медициналық тексерудің түрлері мен мазмұнын, оны өткізу тәртібін айқындайды (ҚР МС М Б: № 110) (<http://adilet.zan.kz>).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы «Спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 74 бұйрығымен дене шынықтыру және спорт саласындағы медициналық қамтамасыз етумен байланысты мәселелер шешілді.

Осы актіге сәйкес, жарыс регламенті міндетті түрде «медициналық-санитарлық қамтамасыз ету» бөлімін қамтуы тиіс. Оқу-жаттығу жиындарын өткізетін спорт ұйымдары, қатысушыларды медициналық-биологиялық және қалпына келтіру құралдарымен және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Спорттық және мәдени ойын-сауық іс-шараларын өткізу орны болып табылатын спорт ғимараттары медициналық пункттермен жарақтандырылуы тиіс (ҚР МС М Б: № 74) (<http://adilet.zan.kz>).

Отандық «Барыс» хоккей клубы қатысушысы болып табылатын, Құрлықтық Хоккей Лигасында (ҚХЛ) хоккей матчтарын медициналық қамтамасыз ету бойынша маңызды талаптар белгіленді. Лигада арнайы медициналық регламент қабылданды. Оның ережелеріне сәйкес,

матчта дәрігерлер бригадасының, қонақ командасы дәрігерінің және екі жедел медициналық жәрдем бригадаларының қатысуы талап етіледі, олардың біреуі реанимациялық бригада болуы тиіс. Дәрігерлік бригада барлық матч бойы барлық хоккейшілер мен жанкүйерлерге медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ҚХЛ-да жарыстың бас дәрігерінің электрондық журналы енгізілді. Журнал нақты уақыт режимінде лига ойындары өткізілетін барлық мұз алаңдарында хоккейшілердің, төрешілердің, көрермендердің және басқа да матчтарға қатысушылардың сырқаттануы мен жарақат алуының барлық жағдайларын есепке алуға мүмкіндік береді.

Әлем спортындағы допингке қарсы күрес мәселесінің өзектілігі ешкімге күмән тудырмайды. Спорттағы допингке қарсы күрес мәселелерімен халықаралық деңгейде тек заңгер-ғалымдар ғана емес, осы саланың көптеген мамандары да айналысып келеді.

Соңғы кезде әлем спортындағы допингке қарсы күрес мәселесі мен оларды құқықтық реттеу мәселесіне арналған ағылшын тілінде монографияларда басылып шықты. Олардың арасындағы Ричард Уильям Дункан «Дик» Паундтың «Inside the Olympics» (Pound Richard W. 2004: 288), Халиган Барри мен Майк МакНэмидің «Anti-doping: Policy and Governance» (Houlihan Barrie 2013: 160), Дэвид Полдың «A Guide to the World Anti-Doping Code: A Fight for the Spirit of Sport» (David Paul, 2017: 280) атты еңбектерді жеке атап өткен жөн. Бұл еңбектерде қазіргі спорттағы допинг мәселесі егжей-тегжелі талданады. Бұл жұмыстар допингтің шығу тегі, оның дамуы және олардың қолдану саласының кеңеюі тақырыбындағы аса іргелі және маңызды еңбектер болып табылады.

Қазіргі таңда спорт әлемінде допингке қарсы күрестің жаңа әдістері де енгізілуде. Сонымен қатар, допингке қарсы күрес сияқты допингтің де түрлері мен нысандары жетілдірілуде. Бұл жағдай допингті спорттық жарыстарға қатысушылардың пайдалануына қарсы тұру кезінде күрделі проблемалар туғызуда. Осының бәрі допингке қарсы күресті құқықтық реттеудің өте қиын және күрделі екендігін білдіреді. Сондай-ақ, осы күрделі мәселені шешудің дұрыс жолдарын табуды талап етеді.

Қазіргі таңда допингке қарсы күрес мәселесі қазақстандық спорттың ең өзекті мәселелерінің бірі болып тұр. Осы орайда, допингтен келетін қауіптің барлық қиындығы мен ауқымдылығын түсіне отырып, оны түбегейлі жоюға бағытталған

іс-шаралар кешенін тұрақты негізде жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

Спорттағы допинг проблемасы ұзақ және тұрақты сипатқа ие болып тұр. Допинг қарсыластарға бәсекелестік артықшылықтарды алуға әкелетін кез келген тыйым салынған заттарды немесе әдістерді пайдалану ретінде анықталады (IWAS Anti-Doping Code 2015) (<http://www.iwasf.com>).

Допингтің салдарынан бірқатар белгілі қазақстандық спортшылар олимпиадалық медальдарынан айрылды. Халықаралық Олимпиада комитеті Олимпиада ойындарында отандық спортшылар жеңіп алған 9 медальді қайтарып алды. Тек 2018 жылдың қорытындысы бойынша, қазақстандық спортшылардың допинг құралдарын қолдануының 36 жағдайы тіркелді. Допингтік дау-жанжалдар қазақстандық спортқа ауыр зиян келтірді, оның әлемдегі беделіне нұқсан келтірді.

Сондай-ақ, имидждік және қаржылық шығындардан басқа маңызды мәселелердің бірі спортшылардың өмірі мен денсаулығы болып табылады. Допингті қолдану спортшының денсаулығына орасан зиян тигізеді. Ағзаны жасанды ынталандыра отырып, допингтік заттар орталықжүйкежүйесінеқоздырғышәсерінбереді, мүмкіншіліктердің артуы және шаршаудың болмауының алдамшы сезімін туғызады, ағза функцияларының қалыпты қызметін бұзады, адам денесіне асыра жүктемелер кезінде онсыз да функциялардың белгілі бір жұмылдыруына байланысты олардың қызметін тиімсіз, үнемсіз етеді. Асыра жүктемелеу салдарынан ағзаның ресурстарының таусылуына ықпал етіп, оның пайда болуы (әсіресе денсаулық жағдайының кейбір ауытқулары кезінде, жеткіліксіз жаттыққан немесе зорығу жағдайында, жас ерекшеліктері, жағымсыз орта жағдайында және т.б.) жүйке жүйесінің бұзылуына, жіті жүрек жетіспеушілігіне, миокард инфарктына, тіпті өлімге әкеп соқтырады.

Спортта допингтің таралу проблемасы әлемдік деңгейдегі құбылыс екенін мойындау керек. Өкінішке орай, ол қазақстандық спорты да айналып өтпеді. Халықаралық Олимпиада комитеті қаралып отырған құбылысты олимпиадалық қозғалысқа негізгі қауіп ретінде қабылдайды.

Допингті қолдануға құқықтық деңгейде тиімді қарсы іс-қимыл жасау үшін, спорттық құқықтың құрамдас бөлігі ретінде допингке қарсы құқықтың тұтас институты қалыптаса бастайды. Бұл институт спорттағы допинг-

ке қарсы әрекет етуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқық нормаларының жиынтығын білдіреді.

Допингке қарсы күресті тек халықаралық және ұлттық спорт федерациялары ғана емес, сондай-ақ мемлекеттердің өздері де жүргізеді. Осы келеңсіз құбылыспен күресте, әр түрлі нысандар мен әдістер қолданылады, атап айтқанда: құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық. Ұлттық және халықаралық деңгейдегі тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылданады, тиісті органдар мен құрылымдар құрылады, қаржы ресурстары бөлінеді.

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңының 44-бабына сәйкес, спортта допингті болдырмау және онымен күрес Қазақстан Республикасының және халықаралық допингке қарсы ұйымдардың допингке қарсы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Спортшылардың, сондай-ақ жаттықтырушылардың, спорттық медицина бойынша мамандардың, дене шынықтыру мен спорт саласындағы өзге де мамандардың спортшыларға қатысты допингке қарсы қағидаларды бұзуына, спорттық жарысқа қатысатын жануарларға қатысты допинг пайдалануға жол берілмейді. Спортшының, сондай-ақ спорттық жарысқа қатысатын жануарға қатысты допингті пайдалану фактісі Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік аккредиттеген зертханаларда жүргізілген зерттеулердің нәтижелерімен расталады.

Спорттық жарыстарды ұйымдастырушылар халықаралық спорт ұйымдарының талаптары мен шешімдерін және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, міндетті допинг-бақылауды жүргізу шарттарын қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 25 шілдедегі «Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» № 289 бұйрығымен спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командасы негізгі және жастар (резервтік) құрамынан құралады.

Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасының құрама командасы мүшесінің анты бекітілді. Онда еліміздің құрама командасының мүшесі допингке қарсы кодексті ұстануға және тыйым салынған заттарды пайдаланбауға салтанат-

ты түрде ант етеді (ҚР СДШ А Б: № 289) (<http://adilet.zan.kz>).

Қазіргі уақытта Қазақстанда допингті пайдалану үшін жауапкершілікті қатаңдату бойынша шаралар қабылдануда. Заңға енгізілген түзетулер әкімшілік жауапкершілікті жүргізуді көздейді. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері бұрын жеңіп алған Олимпиада медальдарынан айырылған жағдайда, бөлінген пәтерлерді қайтарады және ақшалай көтермелеу тетігінен айрылады. Сондай-ақ, спортшылар мен олардың жаттықтырушыларына допингті пайдаланғаны үшін өмір бойы спорттық зейнетақыдан айыру және берілген атақтары мен разрядтарынан айыру қаупі төніп тұр. Мұндай түбегейлі шараларды қабылдау, аталған проблеманың елдің спорттық имиджіне нұқсан келтірілуімен түсіндіріледі. Қазақстанда допингті қолдану үшін қылмыстық жауапкершілік енгізуден бас тартты. Жаза ретінде спортшыға 120 мың теңгеден сәл көбірек айыппұл салынады. Сондай-ақ, мұндай атлеттерді дайындайтын спорт функционерлеріне да жауап беруге тура келеді.

2005 жылғы 19 қазандағы Париж қаласында қабылданған «Спорттағы допингке қарсы күрес туралы халықаралық конвенциясы» қабылданды. Конвенцияның мақсаты ЮНЕСКО-ның дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметінің стратегиялары мен бағдарламалары шеңберінде оны жою мүддесінде спортта допинг қолдануды болдырмауға және онымен күресуге жәрдемдесу болып табылады.

Қатысушы мемлекеттер Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізу үшін:

(а) Кодекс принциптеріне сәйкес тиісті шараларды ұлттық және халықаралық деңгейлерде қабылдауға;

(б) спортшыларды қорғауды қамтамасыз етуге, спорттағы этикалық принциптерді сақтауға және зерттеулер нәтижелерін бірлесіп пайдалануға бағытталған халықаралық ынтымақтастықтың барлық нысандарын көтермелеуге;

(с) қатысушы мемлекеттер мен жетекші ұйымдар арасындағы спорттағы допингке қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа, атап айтқанда Дүниежүзілік допингке қарсы күрес агенттігімен ынтымақтастыққа жәрдемдесуге міндеттенеді (СДҚКТ К) (<http://adilet.zan.kz>).

2009 жылғы 7 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Конвенцияны ратификациялап, әлемдегі допингке қарсы қозғалыстың қатысушысы болды. Конвенцияда допингке қарсы ұйымдар, спорт ұйымдары мен қатысушы

мемлекеттердің мемлекеттік органдары арасындағы ынтымақтастық қажеттілігі атап өтіледі. Допингке қарсы күрес жөніндегі жетекші халықаралық орган ретінде Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (ДДҚА) миссиясының маңыздылығы расталды. Конвенцияға қатысушы мемлекеттер допингке қарсы күрес мәселелері бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға міндетті. Осы бағдарламалар допингтік құралдарды денсаулық үшін қолданудың теріс салдарлары туралы ақпаратты таратуға бағытталуы тиіс.

Осы саладағы халықаралық маңызды құжат ретінде допингке қарсы күрес жөніндегі Копенгаген декларациясын атауға болады. Бұл құжат Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (ДДҚА) құқықтық статусын және ол органның қабылдаған Дүниежүзілік допингке қарсы бағдарламасының рөлін анықтайды. Бірақ допингке қарсы күрес жөніндегі негізгі құжат ретінде 2003 жылғы Дүниежүзілік допингке қарсы күрес кодексі саналады (Саунина 2018: № 4, 146)

ДДҚА құру жөніндегі халықаралық олимпиада комитетінің бастамасын мемлекет үкіметтері мен мүдделі қоғамдық ұйымдар қолдады. Допингтен спортты босату ДДҚА шешетін негізгі міндет болып табылады. ДДҚА қызметі Дүниежүзілік допингке қарсы күрес кодексі мен ХОК медициналық кодексінің ережелеріне негізделеді.

Допингке қарсы күресті құқықтық реттеу оңай емес. Халықаралық деңгейде допингке қарсы күрес мәселелерімен заңгерлер ғана айналыспайды. Ұзақ уақыт бойы бұл мәселелермен басқа қызмет салаларының мамандары да айналысады. Олар күрестің жаңа әдістерін әзірлеп, енгізуде. Олармен қатар, допинг түрлері мен нысандарын жетілдіру процесі қатар жүруде. Мұндай жағдай допингпен тиімді күрес жүргізу мүмкіндігіне үлкен кедергі тудырады. Тіпті, осы зұлымдықты жеңу мүмкін деп есептейтіндердің өзі, оны тек алыс перспективада ғана іске асуы мүмкін деп есептейді. Белгілі неміс маманы Норберт Мюллердің пікірінше, тыйым салу шараларын қолдану арқылы допингке қарсы күресте табысқа жету өте қиын (Долгополов, 2010: № 23, 3) (<https://rg.ru>).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, еліміздегі спорт саласындағы медициналық тексеру мен допингке қарсы күрес мәселесі, қазақстандық спорттың

ең өзекті және күрделі проблемасы болып табылатынын мойындауымыз керек. Осы өзекті мәселені шешу үшін төмендегі іс-шараларды жүзеге асыру керек сияқты:

Біріншіден, Қазақстанда спорттық медицинаны дамыту үшін мемлекеттік кешенді бағдарлама қабылдануы тиіс. Спорттық медицинаны дамытуда Қытай, Канада және Еуропаның дамыған мемлекеттеріндегі жүзеге асырылған озық тәжірибені қолдануымыз керек. Қазақстанда спорттың медициналық қамтамасыз етілуін жарыс және жаттығу процесінің маңызды бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Екіншіден, «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны» жүзеге асыру мақсатында Ұлттық Паралимпиадалық комитеттің қызметі, мүгедектердің дене шынықтыруы және спортпен шұғылдануына байланысты медициналық қамтамасыз етілуі мен дәрігерлік бақылау ұйымдастырылуы мемлекеттік органдар тарапынан үнемі қадағаланып отырылуы тиіс.

Үшіншіден, допингке қарсы күрес мәселелері бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және оларды іске асыруға бағытталған шараларды кеңінен қолдану қажет. Спорттағы допинг қолданудың теріс салдарлары туралы үгіт-насихат үнемі жүргізіліп отырылуы керек. Сондай-ақ, мемлекеттер мен жетекші ұйымдар арасындағы спорттағы допингке қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықты, атап айтқанда Дүниежүзілік допингке қарсы күрес агенттігімен тікелей байланысты нығайту керек.

Төртіншіден, Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің тыйым салынған допинг құралдарының тізімі жедел жаңартылуы тиіс. Спортшылар жоғары спорттық нәтижелерге тыйым салынбаған және ынталандыратын құралдарды қолдану арқылы жетеді. Содан кейін, белгілі бір уақыт өткеннен кейін, тыйым салынбаған құралдардың ынталандырушы қасиеттері анықталып, ол құралдар тыйым салынған допинг құралдарының тізіміне енгізіледі де, оларға тыйым салынады. Бірақ, осы уақытқа дейін спорт жарыстарында жеңімпаздар анықталынып және спорттық нәтижелер тіркеліп қойылады. Тыйым салынған допинг құралдарының тізімінің кеш шығуының салдарынан жеңімпаздар алған жұлдесінен айрылып, тіркелген спорттық нәтиже жойылады.

Бесіншіден, спорттағы допингке қарсы бақылауды үнемі жетілдіріп отыруымыз қажет. Қазіргі допингке қарсы бақылау жүйесін заман талабына сай деп айта алмаймыз. Қолданыстағы бақылау

жүйесі, әсіресе спортшылар үшін, допингке қарсы ережелерді бұзу және жауапкершіліктен құтылып кету мүмкіндіктеріне жол беріп отыр. Допингке қарсы ережелердің бұзылуы, ұзақ уақыттан кейін анықталған жағдайларда орын алуда. Осының бәрі медициналық сынамалардың өзектілігі мен тәуелсіздігіне үлкен күмән тудырады. Допингке қарсы қатынастарды нақты және тиімді реттеу үшін, допингке қарсы күрес үшін бағытталған жаңа нормативтік құқықтық актілерді уақтылы қабылдау маңызды болып отыр.

Алтыншыдан, жалпы әлемдік спортқа саясаттың, оның ішінде әлемдік геосаясаттың араласуын болдырмауымыз керек. Спортқа саясаттың араласуы допингке қарсы күрес жүйесіне кері әсер етеді. Спортшыларды жазалау туралы шешім қабылдау кезінде, спортшының қай мемлекеттің өкілі екендігі ескеріліп, оларға таңдау тәсілі қолданылып жатқандығын атап өткен жөн. Допингпен күресетін арнаулы орган кей-кезде қарама-қарсы шешім қабылдап жатады. Жекелеген спортшыларға қатысты, кінәсі дәлелденбесе де, Олимпиада ойындарына жол бермеу туралы шешім қабылдайды. Спортшылардың атына күмәнді айып тағу және осыған байланысты, негізсіз жаза қолдану, заңдылық пен әділдікке сәйкес келмейді. Допингпен күресетін арнаулы органдардың қызметі айыптау қызметі болмауға тиіс. Кінәсіздік презумпциясы спорт саласында да сақталуы тиіс. Осы проблеманы шешу үшін, спортты деполитизациялау қағидасын бекітетін БҰҰ Бас Ассамблеясының жеке қарарын қабылдау қажет.

Жетіншіден, спортшылардың құқықтарына әлемдік деңгейде кепілдік берілуі тиіс. Жекелеген спортшылардың допингті қолдануын анықтау фактісі бойынша, барлық құрама халықаралық жарыстарға қатысудан шеттетілген жағдайлар орын алуда. Практикада қолданылатын «бірі – бәрі үшін, бәрі – бірі үшін» деген ұжымдық жауапкершілік шаралары, допинг қолданбаған «таза» спортшылардың құқықтарын бұзады. Аталған мәселені шешу, қазіргі кезде ең ауыр және күрделі болып тұр. Допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін жауапкершіліктің қолданыстағы тетігі көптеген мәселелерді тудыруда.

Допингке қарсы ережелердің бұзылуы саналы түрде немесе абайсызда жасалынуы мүмкін. Егер, спортшы ережені абайсызда бұзса, оған қатаң жаза қолдану керек емес. Кейде допингке қарсы ережелерді бұзу спортшының емес, дәрігерлер мен лауазымды тұлғалардың кінәсінен

болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, шығарылған жазаның әділдігіне үлкен күмән туады.

Спортшылардың құқықтарын қорғау талаптары бойынша спорт арбитражы қарайтын істер ұзаққа созылады. Бұл спортшылардың құқықтарын қорғау мәселелерін жедел және әділ шешуге ықпал етпейді. Керісінше, спорттық қоғам тарапынан көптеген наразылықтар туғызып, спортшының беделін түсіреді.

Сегізіншіден, Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (ДДҚА) қызметін құқықтық реттеу мәселелерін түбегейлі шешуіміз керек. Бұл ұйымның қызметі көптеген шешілмеген мәселелерді тудырады. Ұлттық допингке қарсы агенттіктер деңгейінде, ДДҚА-ны реформалау туралы мәселе бірнеше рет көтерілген, өйткені осы ұйымның қызметінде айқындылық пен бақылаудың болмауы байқалады. Сондықтан, ДДҚА-тің ішкі құрылымын реформалау қажеттілігі әлдеқашан пісіп-жетілді.

Тоғызыншыдан, допингке қарсы ережелерді бірқатар белгілі спорт лигаларының (NHL, NBA, NFL, MLC) мойындамауына қарсы шаралар

қолдану қажет. Бұл лигаларда, ДДҚА тізімінен айтарлықтай ерекшеленетін, тыйым салынған допинг құралдарының тізімі бар. Бұл лигаларда, допингті қолдану үшін жазалаудың өз жүйесі қолданылады. Егер, ойыншы НХЛ лигасында ойнаған болса және допингті қабылдаған болса, ол сол кезеңде халықаралық допингке қарсы ережелердің бақылауында болған жоқ, сондықтан халықаралық жарыстарға қатыса алады. Бұл заңға да, спорттық қағидаға да қарамақайшы келеді.

Оныншыдан, спортшылардың мемлекет шекарасын кесіп өтуімен байланысты проблемаларды шешуіміз керек. Бірқатар елдердің заңнамасы бойынша, допинг қолдануы анықталған спортшыға, осы мемлекеттің аумағына кіруден бас тарту түріндегі санкция қолданылуы мүмкін. Осылайша, жарыстан шеттетілген спортшы жарыс өтетін елдің аумағына кіре алмайды. Мұндай жағдайды шешу үшін, халықаралық жарыстар қабылдайтын елде спортшылардың шектеулі болу тетігі, яғни жарысқа қатысуы мен осы елде уақытша болуы түбегейлі шешілуі тиіс.

Әдебиеттер

Долгополов Н. Отравы засела в чемпионах. Ждать ли в Ванкувере новых допинговых скандалов? // Российская газета – Неделя № 23(5102), 2010ж., 3 б.

David Paul, A Guide to the World Anti-Doping Code: A Fight for the Spirit of Sport / Paul David – Cambridge University Press, 3rd edition, 2017ж., 280 б.

International Organisations of Sports for the Disabled URL: <https://www.paralympic.org/the-ipc/international-organization-for-the-disabled>.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» № 1037 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001037>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 1 маусымдағы «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы бастапқы баяндаманы бекіту туралы» № 330 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000330>

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 110 бұйрығымен бекітілген «Спорттық жарыстарға қатысу үшін спортшыларды медициналық тексеру қағидаларын бекіту туралы» ережесі. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400010009>

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы «Спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 74 бұйрығы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009930/links>

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 25 шілдедегі «Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» № 289 бұйрығы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009682>

2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228#z203>

Pound Richard W., Inside the Olympics: A Behind-the-Scenes Look at the Politics, the Scandals and the Glory of the Games / Richard W. Pound – Wiley, 2004 ж., 288 б.

2005 жылғы 19 қазанда Париж қаласында қабылданған «Спорттағы допингке қарсы күрес туралы халықаралық конвенциясы». <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000220>

Поляев Б.А., Белолипецкая И.А., Макарова Г.А. Зарубежный и отечественный опыт организации службы спортивной медицины и подготовки спортивных врачей. – М.: Советский спорт, 2005. – 102 б.

Саунина Е.В., Кечатов Р.В. Актуальные проблемы международного антидопингового права // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. 2018. – № 4. – 146 б.

Houlihan Barrie, McNamee Mike, *Anti-doping: Policy and Governance* / Barrie Houlihan, Mike McNamee – Routledge, 2013ж., 160 б.

World Anti-Doping Code URL: http://www.iwasf.com/iwasf/assets/File/Anti_Doping/wada-2015-world-anti-doping-code.

References

Dolgoplov N. Poison lingers in the Champions. Should we expect new doping scandals in Vancouver? // The Russian newspaper – Week No. 23(5102), 2010. 3 p.

David Paul, *A Guide to the World Anti-Doping Code: A Fight for the Spirit of Sport* / Paul David – Cambridge University Press, 3rd edition, 2017, 280 p.

International Organisations of Sports for the Disabled URL: <https://www.paralympic.org/the-ipc/international-organization-for-the-disabled>.

Kazakstan respublikasy Kimen 2015 July 23 jilted “Kazakhstan respublikasida Dene the physical education men’s sporty damy-tu 2025 Gila Dang thirumalai Becca Turala” No. 1037 aulisi. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001037>

2014 July 3 sldebug Kazakhstan Respublikasynyn “Den physical education and sport Turala” say. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228#z203>

Kazakstan respublikasy Ken 2017 July 1 maisymay “Medicard fry Turala convenzioni GSEE the rules matatanda Kazakstan respublikasy abildin aralar Turala bastapky bahamani Becca Turala” No. 330 aulisi. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000330>

Kazakstan respublikasy Medinet and sport Ministry 2014 July 24 arshady No. 110 burayman bakhtegan “Sporty aristera Atis ushin Sportsline medicinally texere aidalarm Becca Turala” eries. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400010009>

Kazakstan respublikasy Madeniet Zhane sport Ministry 2014 July 4 arasada “Sporty IC-aralarda tcsu aidalarm Becca Turala” No. 74 Buriy.

Kazakstan respublikasy Sport and physical education den star agents Treasury 2014 July 25 sldebug “Sports Tr boiyntsha Kazakstan Respublikasynyn RM and state ARMA commandline (sport Tr boiyntsha ulttyk RM comandline) Armin alaptanterv aidalarm Becca Turala” No. 289 Buriy. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009682>

Pound Richard W. , *Inside the Olympics: A Behind-the-Scenes Look at the Politics, the Scandals and the Glory of the Games* / Richard W. Pound – Wiley, 2004ж., 288 б.

2005 July 19 asanda Paris arasinda abeldano “Sportty dopinga arsy training Turala halyard konvencijas”. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000220_

Polyaev B. A., Belolipetskaya I. A., Makarova G. A. Foreign and domestic experience of the organization of service of sports medicine and training of sports doctors. – Moscow. //Soviet sport, 2005ж., – 102 б.

Shunina E. V., Kachalov R. V. Topical issues of the international anti-doping law. // Bulletin of Nizhny Novgorod University. N. And.Lobachevsky, 2018., No. 4, 146 б.

Houlihan Barrie, McNamee Mike, *Anti-doping: Policy and Governance* / Barrie Houlihan, Mike McNamee – Routledge, 2013ж., 160 б.

World Anti-Doping Code URL: http://www.iwasf.com/iwasf/assets/File/Anti_Doping/wada-2015-world-anti-doping-code.